

*F.K. Кенжебаев^{*1}, Б.С. Тұрлыйбай²*

¹ Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, т.ә.д., профессоры,
Алматы қ., Қазақстан, E-mail: kgabit62@mail.ru;

² Абай атындағы Қазақ ұлттық университеті, PhD докторанты,
Қазақстан, Алматы қ., E-mail: t.bakyt94@mail.ru

ҰЛТТЫҚ МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗ БЕТТЕРИНДЕГІ БІЛІМ МЕН АҒАРТУШЫЛЫҚ ТАРИХЫ (XX ФАСЫР БАСЫ)

Аннотация

XX ғасырдың басы қазақ халқының тарихындағы көптеген күрделі және әлеуметтік-саяси тартистарға толы кезең. Ғасырдың басы ұлттық интеллигеницияның қалыптасуымен ерекшеленді. Осы уақытта мерзімді басылымдардың алатын орны ерекше. Ұлт зиялыштары халықтың көзін ашу үшін алдымен білімге деген құштарлықты ояту және сауатсыздықты жою қажет екенін білді. Қазақ зиялыштары өкілдерінің ағарту саласындағы барлық қызметі осы мақсатқа арналды.

Мақаланың ғылыми маңыздылығы «Айқап» (1911-1915), «Қазақ» (1913-1918), «Сарыарқа» (1917), «Алаш» (1916-1917) газет-журналдарында жарияланған оқу-ағарту, білім беруге байланысты мақалаларды салыстырмалы түрде зерттелуімен дараланды.

XX ғасыр басында қазақтар арасындағы оқыту мәселесі сол тұстағы өзекті мәселенің бірі болды. Әсіреле, оның шешімін табуын қазақ зиялыштары мақсат етіп алдыға қойды. Кейіннен, «Қазақ» газетінің басқармасына жергілікті жерлерден әр түрлі хаттар қатары келіп отырды. «Қазақ» газеті басқармасы тараپынан білім беру ісін ретке келтіруге бағытталған хаттарға мейлінше жауап беріліп тұрды. Сондықтан да осы мәселе шенберінде «Қазақ» газетінің алатын орны ерекше болып табылады.

Зерттеу әдістемесі жүйелі тәсілді, іріктеу, талдау әдісін қамтиды.

Зерттеу нәтижесі оқу-ағартуға байланысты жарияланған мақалалардың тізімін жасау болып табылады.

Кілт сөздер: Ұлт зиялыштары, алаш, оқу-ағарту, ағартушылық, білім беру, тарих, медресе, мектеп, мұғалім, XX ғасырдың басы.

*Кенжебаев Г.К. ^{*1}, Тұрлыйбай Б.С.²*

¹ Казахский национальный педагогический университет имени Абая
, д.п.н., профессор, Алматы, Казахстан
E-mail: kgabit62@mail.ru;

² Казахский национальный университет имени Абая, аспирант,
Алматы, Казахстан
E-mail: t.bakyt94@mail.ru

ИСТОРИЯ ОБРАЗОВАНИЯ И ПРОСВЕЩЕНИЯ НА СТРАНИЦАХ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ПЕРИОДИЧЕСКОЙ ПЕЧАТИ (НАЧАЛО ХХ ВЕКА)

Аннотация

Начало XX века-период в истории казахского народа, наполненный множеством сложных и социально-политических конфликтов. Начало века ознаменовалось формированием национальной интеллигенции. В это время особое место занимают периодические издания. Пересмотр истории периодических изданий, особенно национальной прессы, в соответствии с требованиями сегодняшнего дня с точки зрения национальных интересов, пополнение нашей истории, использование их в качестве исторических источников позволяет глубже изучить казахскую историю XX века. Так как периодические издания, принадлежащие к группе письменных источников истории страны, в том числе те, которые родились на рубеже веков и прожили короткую и долгую жизнь, демократические издания национального направления, имеют большое количество данных, связанных с историей нации. Интеллектуалы нации знали, что для того, чтобы открыть глаза

народу, необходимо сначала пробудить страсть к знаниям и искоренить неграмотность. Вся деятельность представителей казахской интеллигенции в сфере просвещения была посвящена этой цели.

Научная значимость статьи подчеркивается сравнительным изучением статей, связанных с просвещением, образованием, опубликованных в газетах и журналах: «Айкап» (1911-1915), «Казах» (1913-1918), «Сарыарка» (1917) и «Алаш» (1916-1917).

Методика исследования включает системный подход, метод отбора, анализа.

Результатом исследования является составление списка опубликованных статей, связанных с обучением.

Ключевые слова: интеллигенция нации, алаш, просвещение, просвещение, образование, история, медресе, школа, учитель, начало XX века.

G.K. Kenzhebaev^{*1}, B.S. Turlybai²

¹ Kazakh National Pedagogical University named after Abay,
Doctor of Historical Sciences, Professor,

Almaty, Kazakhstan, E-mail.ru: kgabit62@mail.ru;

² Abai Kazakh National University, PhD student,
Almaty, Kazakhstan, E-mail: t.bakyt94@mail.ru

HISTORY OF EDUCATION AND ENLIGHTENMENT IN PAGES OF NATIONAL PERIODICAL PRESS (EARLY XX CENTURY)

Annotation

Kazakh people, full of many complex and socio-political conflicts. The beginning of the century was marked by the formation of the National intelligentsia. Periodicals play a special role at this time. The revision of the history of periodicals, especially the National Press, in accordance replenishment of our history, their use as a historical source allows us to study the Kazakh history of the twentieth century more deeply. After all, periodicals belonging to the group of written sources of the history of the country, including biresmi, one of which was born at the beginning of the century, one of which was short, one of which was long, and Democratic publications of a national orientation, have a lot of data nation knew that in order to open the eyes of the people, it is first necessary to awaken the desire for knowledge and eliminate illiteracy. All the activities of representatives of the Kazakh intelligentsia in the field of education were devoted to this goal.

The scientific significance of the article is determined by the comparative study of articles related to Education, Education, published in the newspapers and magazines «Aikap» (1911-1915), «Kazakh» (1913-1918), «Saryarka»(1917), «Alash» (1916-1917).

The research methodology includes a systematic approach, a method of selection, analysis.

The result of the study is the compilation of a list of published articles related to education.

Keywords: intellectuals of the nation, Alash, education, education, history, madrasa, school, teacher, the beginning of the twentieth century.

Кіріспе.XX ғасырдағы қазақ баспасөзінің алғашқы қарлығаштары «Серке», «Қазақстан», «Алаш», «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің тұтас үлтты оқу-ағарту мен сауаттандыру ісінде атқарған еңбегі зор. Үлт зиялышлары халық болып азаттыққа, еркіндікке қол жеткізуіндегі кілті – білім, өнер және ғылымда деп санады. «Айқап» журналында: «Біздің қазақ жер-судан айрылып қалса не күн көрмекші? Соның үшін әркімге керекті, керексізді білуге тиіс екен, керекті керексізді біле қоюға біздің жүрттa құрал жоқ. Бізге әуелі сол құралға жармасу керек. Ол құрал – ғылым-білім» [1], – деп уақыт өткізбей білім игеру керектігін анық мензейді. Осы мақаланың сонына қарай халық пен халықты теңестіретін білім, ғылым екенін айта келіп, жас ұрпақты оқыту туралы ойын автор былай түйіндейді: «Пайдага жабыстырып, залалдан қашыруға себеп болған сол ғылымды келетүғын заманда өзімізге құрал қылуға бір жол бар, ол мол шамамыз келгеніміз балаларымыздың қолын жеткізіп, оқыту керек» [2].

Үлт оқығандары тәндікке жету үшін үлт болып құресудегі стратегиясына осылай жалпы сауаттылық, озық білімді игеру арылы жететіндіктеріне сенді. Сондықтанда, бала оқыту мен тәрбие ісіне аса мән берді және білімді ұрпақтың болашағынан көп үміт күтті.

Серке», «Қазақстан», «Алаш», «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті алғашқы шыққан жылдарынан бастап ақ білімді азаматтар оқу-ағарту, білім беру саласындағы өзекті мәселе – оқытудың тәсілдері, білім берудің жүйесі мен сабактардың арнағы программаға негізделіп жүргізілуіне көніл бұрган.

Соның бірі ұлт зияллылары 1907 жылы «Серке», «Қазақстан»(1911-1913) (редакторы Елеусіз Бұйрин) газеттерінде оқу білімге байланысты батыл талаптарын, ұсыныстар мен идеяларын жариялады. Дегенмен де, патша тарарапынан мұндан қадамдарға шектеу қойылғандықтан, білім беруге қатысты қадамдар аяғына дейін іске аспай басылымдардың көшілігі жабылып жапты.

Ұлт зияллыларының XX ғасыр басындағы білім беру мен ағарту мәселелеріннің дамуына қосқан еңбектерін зерттеу бүгінгі жаһандану заманында өзекті мәселе болып табылады. Себебі өткен тарихымызды білмей, болашаққа бағдар жасай алмаймыз. Ұлт зиялды қауымының белді өкілдері қогамдағы ағартушылық мәселесін шешуде, өз ойларын, білім, ғылым, өркениет идеяларын мерзімді баспасөз арқылы халыққа жеткізуге және сананың даму бағытына жетуге ұмтылды. Олардың бұл идеялары із-түзсіз жоғалып кеткен жоқ, мұны қазіргі заманың өзі дәлелдейді. Сондықтан ұлт зиялды қауым өкілдерінің ұлттық мерзімді басылым беттеріндегі оқу-ағарту мен білім беруді дамытуға қосқан үлесі бүгінгі күннің өзекті тақырыптардың бірі деп айтуда болады.

Ұлттық-бейресми басылымдар арасында ең ұзақ уақыт шығып тұрған “Қазақ” газетінде “Қазақстан”, “Айқап”, “Алаш”, “Сарыарқа”, “Бірлік туы”, “Ұран” және “Тіршілік” туралы қөптеген мақалалар басылған . Олардан аталған басылымдар туралы деректік мәліметтермен қатар, сол басылымдар туралы алғашқы тарихнамалық мағлұматтар да алуға болады. Ұлттық бейресми басылымдарға берілген алғашқы тарихи баға да сол басылымдардан кездеседі. Мысалы, “Бірлік туы” газеті 1918 жылы қантардағы большевиктердің “Қазақ” газетін жабуына байланысты: “Қазақ” газеті жабылды деген хабарды естігенде әрбір алаш баласының жүрөгі су етіп, қабыргасы қайысад. Біз бұған сенеміз. “Қазақ” газеті алаштың қаранды заманында жол көрсетіп тұрған шам шырағы, сасқанда ақыл айтып тұрған көсемі” – деп жазды. XX ғасыр басындағы білім беру мен ағарту мәселелерін ұлттық мерзімді баспасөз беттерін зерттеу- ұлттық тарихымыз үшін аса маңызды істердің бірі болды [2, 30 б.]. Мерзімді басылымдардың тарихындағы білім беру мәселелерін ұлттық мұдделер тұрғысынан бүгінгі күннің талаптарына сәйкес зерттеу өзекті тақырыптардың бірі.

Мақаланың мақсаты – ұлт зияллыларының XX ғасырдың басындағы ұлттық мерзімді басылымдарға ғылым мен білім беруді насиҳаттауга қосқан үлесін зерттеу. Осы уақытта білім және ғылым саласындағы қызмет бағдарламалық сипатқа ие болды. *Біріншіден*, ұлт зияллылары халық арасында білім тарату арқылы қогам өмірін қайта құра алады және әлемдік өркениетке тек ғылым мен ағартушылық арқылы қол жеткізе алады деп нық сенді. *Екіншіден*, XX ғасырдың басындағы ұлт зияллылары саясаткерлерден, зангерлерден, дәрігерлерден, ақындар мен жазушылардан тұрды, бұл сол кездегі қазақ зияллыларының арасында ғалымдардың пайда болуына негіз болды.

Материалдар мен әдістер. Мақаланы жазу барысында XX ғасырдың басындағы ұлттық мерзімді басылымдардың сирек қолжазбаларқорындағы нұсқалары қаралды. Мақалаға қазақ зерттеушілерінің XX ғасыр басындағы басылымдардағы білім-ғылымға қатысты материалдары негіз болды. «Ұлт ұстазы» болуымен қатар қазақ баспасөзінің негізін қалаушылардың бірі А.Байтұрсынов қазақ халқының оқу білімге шақырудың көзі басылымдар екенін ескере отырып, «Қазақ» газетінің оқырмандарына былай жазды: «1907 жылғы санаққа қарасақ, Ресейде сол жылы 2173 есімді газет пен журналдар шыққан екен. Оның 1396 рус тілінде, 867 басқа тілде деген деректер бар» [3]. Ағарту саласына қатысты М.Дулатов «Еңбекші қазақ» газетінің 1923 жылғы 5 мамырдағы нөміріндегі «Баспасөз үммесі» атты мақаласында: «Төңкөрістің алдында Россияда 2500 шамалы газет, журнал шығатын еді. Орыстан өнерлірек жүрттардың газет, журналы мұнан да көп еді, ...қазақы, қыргызы бар Қазақстан, Түркістанды қоса санағанда бұл күнге шейін шығып, тоқтаған һәм шығып тұрған газет, журналдар мыналар», – дей келе, 42 басылымның атын атайды [4].

Ең алғашқы болып жастар баспасөзі туралы мәселе көтерген ұлт зияллыларының арасынан М.Дулатов, С.Сәдуақасов, М.Әуезовті атайды. Қазақ халқы тарихының кейбір мәселелерінің баспасөзде көтерілуі, жастарды білімге, өнерге баулып, олардың рухани дүниесінің кеңеюіне ұлт зияллылары, ағартушылар, озық ойлы ақын-жазушылар өз үлесін қосып отырған. Бұл туралы С.Мұқановтың «Қазақ халқының мақтандышы» – атты мақаласында қазақ халқының өнер-білімге жетудің, оны менгерудің жолын сыйған қазақ тарихында Шоқан, Абай, Ыбырай деп көрсете

отырып, солардың қалдырган өситеті – жастардың оқу-білімге үйреніп, жаңа заман жаршысы болуға шақырды. «Біздің заманда өнерлі, білімді болам деген адамға, соған апаратын жол атаулының бәрі де жарқын, даңғыл» – деп С. Мұқанов жастарды білімге, өнер шыңына өрлеудің жолын көрсетеді [5].

Қазақ баспасөзінің материалдарын, әсіресе «Дала уалаяты газетін» мен «Айқап» журналының бұрынғы нөмірлерін топтастырып, жинақ етіп шығаруға У. Сұбханбердина көп күш салды [6].

1998 ж. «Ақиқат» журналының бірнеше санында жарияланған тарихшы К.Атабаевтың мақалалар топтамасында ұлттық бейресми басылымдардың көшбастаушысы болған «Айқап», «Қазақ», «Қазақстан» секілді өзге де газет-журналдарды құнды дереккөзі ретіндеге пайдалана отырып, ұлт зиялышарының басылым бетіндегі мақалаларын жан-жақты талдап, билік пен баспасөз аралығындағы ара-қатынас, жер, тіл мәселесі жөніндегі олардың халықты ақпараттандыру жолындағы енбегін қарастыруда тың ой қорытындылары бар [7].

Бұл мақалада XX ғасыр басындағы «Айқап» (1911-1915), «Қазақ» (1913-1918), «Сарыарқа» (1917), «Алаш» (1916-1917) мерзімдік басылымдарда жарияланған оқу-ағарту, білім беруге байланысты мақалаларды салыстырмалы түрде зерттелген. Сонымен қатар, мерзімді басылым тарихына қысқаша шолу жасалынған.

Негізгі болім. Ұлт зиялышары халық пен халықты теңестіретін білім, ғылым және өнер екенін жақсы білді. Қазақ халқының кенжелеп қалуының басты себебі де халықтың сауаттылығың денгейінің төмендігінен деп санап, осы олқылықты толтыру мақсатында жұмыстар атқарды. Арине, оку - білім игеру мәселесінде қазақ халқының кемшіл тұстары өте көп болғаны анық. Бірақ, бұғаңға заман тұрғысынан сол кездегі қазақ халқы жаппай сауатсыз болды деп айта алмаймыз. Өйткені қазақ ұлтының дәуірлер бойы қалыптасып, қолданыста болып келген діни білім жүйесі болғанын жақсы білеміз. Жыр - дастандар мен қиссалар айту, ауыз әдебиетінің көркем ұлгілерін жас ұрпақ бойына сіңіру оку - білімнің құрамдас бөлігі болумен қатар, тәрбие мектебі болып та саналды. Шаруашылық сала мен тұрмыс-тіршілік үшін аспан денелерін тану, сол арқылы ауа-райын болжау да халықтың білімінің көрінісі еді. Тұрлі ауру-сырқауды емдеу, емдік шөптерді дәрі-дәрмек ретіндеге қолдана білуді де осы қатарға жатқыза аламыз. Көріп отырғанымыздай халықтың білім мен ғылымға байланысты игергенінің бәрі тұрмыстық қажеттілік пен мұқтаждыққа байланысты дамыған. Жазу мен оқуда араб қаріпін қолданып, жас балаларға да осы жазу жүйесін менгертіп отырды. Бұл оку жүйесінің басты окулығы Құран кәрім мен діни кітаптар болды. Араб әліпбімен тұрлі шығармалардың қағазға түсірілу мүмкіндігін жоққа шығара алмаймыз. Ондай жазу-сызу мен кітаптардың көшпелілік шаруашылық әсерінен сакталмай қалуыда мүмкін. Ал, XX ғасырдың келуі үлкен өзгерістердің басы болып, қоғам мен өмірдің мулдем жаңа арнаға түсіне қазақ халқының дер уақытында бейімделе алмай қалуы ұлттымызды шарасызыңға күйге түсірді.

Соның ішінде «Айқап» ағартушылық-демократтық бағыттағы басылым болды [4, 16 б.]. ол өз бетінде уақыт алға тартқан ірі-ірі құрделі проблемаларды көтеріп, олардың оң шешімін табуына ықпал етсе, «Қазақ» газеті қазақ тілінде мектептер ашу, окулықтар жазу, кітаптар, газет журнал шығару – тек қана осы кезде ояна бастаған елдің үлкен мақсаттарын орындауға бастама болды.

Талқылау.

«Қазақ» газеті мен «Айқап» журналының беттерінде оку мәселесі жөніндегі көптеген мақалалар жарық көрді. Сол кездегі оку жайын бір арнаға бүру қажеттігі жеке мәселе етіп көтерілді. Өйткені, ол мәселе күн талабынан туындал отырған болатын. «Қазақ» газетінің 1913 жылғы № 11 жарыққа шыққан санында оку жайы талқыға салынды. Окудың қаншалықты қажеттігі жөніндегі былай деп тұжырым айтылды: «Бұл күнде окудың керек құрал екеніне ешкімнің таласы жоқ. Қай жүргт болса да окумен ілгері басып, кейін қалудың себебі окудың кемдігінен екенін көріп тұрамыз. Оқусыз халық қанша бай болса да, біраз жылдардан кейін оның байлығы өнерлі халықтардың қолына көшпекші. Мұның себебі, ойлап қараса, біздің қазаққа мәлімсіз емес» [8]. Осылан-ақ сол уақыттағы қазақтар арасындағы оку мәселесінің аксап тұрғандығын байқауымызға болады. Олардың тұтынатын өнімдердің барлығы қымбат бағага келіп жатты. Қазақтардың дайын өнім өндіретін завод, фабрикалары болмады. Соңдықтан да оку мәселесі бір жүйге келтірілген жағдайдаған осындағы кемшіліктердің жойылуына мол септігі тиер еді.

Сол уақыттағы қазақ өлкесіндегі нақты оку орындарының саны да шамалы еді. Мәселен, Торғай облысында 1912-ші жылы 1 қантарға дейін 470 мың 109 қазақ болған, қазақ баласы оқитын 132 мектеп болды. Үлдай болғанда әрбір 3561 кісіге бір мектептен ғана келді. Қостанай уезінде 1909-шы жылы есеп бойынша 60 мың 594 ер адам, 52 мың 63 әйел, барлығы 112 мың 657 қазақ болды. Осылардың қазақша оқығаны, хат танитын ер адамдардың саны – 6 мың 65, орысша

оку, жазуды білетіні – 690 адамды ғана құрады. Қазақша хат танитын әйелдер – 379, орысша хат танитыны – 29. Оның үстіне Қостанай уезінде сауатты ер адамадар әрбір жұз кісіден алтау ғана болса, орысша сауаты ашылғаны әрбір мың адамнан алтау ғана болды. Қазақша хат танитын әйел әрбір 300 адамнан біреу, орысша хат танитыны әрбір мыңнан біреу ғана еді [9]. Осы көлтірілген мәліметтерден-ақ сол кездегі қазақтар арасындағы оку деңгейінің аз болғандығын байқауымызға болады. Қазақтар не қазақша, не орысша да сауаттарын толық аша алмады. Мектептердегі сауаттандыру сабактары да дұрыс жүргізілмеді. Өйткені, мектептердің білім беру сапасы жүйелі түрде жасақталмады. Оқытушылардың аздығы байқалды. Қазақ балаларының жақсы мектептерде окуына көбісінің жағдай келмеді. Мұнымен қоса, көптеген оку орындары қазақ балаларының білім алуына мүмкіндік бермегі. Басшылық тарапынан осы мәселелеге нақты шаралар да қабылданбады. Қазақша оқыту жүйесінде көптеген кемшіліктөр уақытымен жойылмады. Мектептерде дұрыс оку бағдарламасы да жоқ болды. Оқушылардың жазу дәптерлері мен кітаптары жеткіліксіз еді. Сол кезде қазақша оқуға арналған кітаптар саны әлсін-әлсін көбейіп келе жатты. Мұғалімдердің өздеріне де арнайы көніл бөлінбаді. Кейбір қазақ мектептерінде мұғалімдерге айлық жалақы да төленбаді. Сол себепті де оку мәселесін бір жүйеге келтіру ісіне қазақ зиялышарының көбісі көніл бөлді. Қазақ жастарының өз жерлерінде жеткілікті түрде білім алуына нақты іс-шаралар қабылдаудың қажеттігін алға тартты. Ал, өкімет тарапынан болса, үл мәселелеге арнайы көніл бөлінбаді. Оку мәселесі былай тұрсын, патшалық өкімет қазақ жастарының қазақша білім алуын, қежет деп те тұтпады. Сондықтан да осы мәселенің шешімін табу қалың жүртшылыққа жүктелді. «Қазақ» газетінің басқармасы қазақ өлкесіндегі оку мәселесі жөнінде бұдан кейінде жазып отырды. Осыдан-ақ «Қазақ» газетінің осы мәселелеге ерекше көніл бөлгендігін байқаймыз.

Сол кезде қазақ жастарының көбісі сауаттарын медреседен ашты. Медреселерде арнайы пәндер оқытылды. XX ғасыр басында мұсылман мектептері мен медреселеріндегі оку жоспары, бағдарламалары жаңаша әдіспен қайтадан жасалып, жаңа оку құралдары дайындалды. Оку мерзімі алты жылға белгіленіп, жаңа оку бағдарламасы «Алты жылдық ибтидаия бағдарламасы» деп аталды. Үл бағдарламада мақсаты мен міндеттері айқын көрсетіліп, оқыту әдістемесі мынадай алты шарты белгіленді:

1. Мақсаты: дінді, көркем халықты, Отан сүйгіштікті, Отан пайдасы үшін Отан балаларын жетілдіру (тәрбиелу).
2. Рухы: Отан және ұлтымызға һем махабbat.
3. Беретін мағлұматы: тұрмыста тәуелсіз қарекет ете алу, түрлі, құнделікті мәселелер алдында абдырап қалмау, өзінің ахуалы мен мұқтажының талабына жарата аларлық, шетке шыққанда, өзін тәрбие айтып, алып кетерлік бір білімі ақтар.
4. Оқылатын пәндер: 1. Дін. 2. Ана тілі. 3. Есеп. 4. Орыс тілі. 5. Жағрафия. 6. Табигат тану. 7. Ұлт тарихы. 8. Отан тарихы. 9. Ашқал және рәсім. 10. Күй. 11. Гимнастика.
5. Түйіні: тәуелсіздік (мустакильтік).
6. Оку мерзімі – 6 жыл [7].

«Айқап» журналына қырғыз зиялышы И. Арабаев жариялаған мақаласында: «Медресе Хұсайнія» дұрысында адамды жақсы заманга лайық білім беретүғын бір медресе. Мұнда Бұхарадан он жыл, жиырма жыл жатып ала алмаған араб тілі ғылымынан артық ғылым алынады. Хәмда Русияның гимназиясы секілді орта мектептерде оқыған бірқатар өнерлер мұнда оқытылады. Біздің туземный школадағы 7-8 жыл оқыған балалар қатары орыс ша білім алып шығады», – деп көлтіріле отырылып, қазақ-қырғыз балаларын XIX ғасырда Орынбор қаласында ашылған Хұсайнія медресесінде оқуға шақырған [8].

«Фалия» медресесінде оқыған қазақ жастары әр түрлі тақырыпта «Айқап» және «Қазақ» газеттерінде мақалаларын жариялат тұрды. Мысалы, «Айқап» журналына жарияланған Зәкір Файсиннің «Медресе Фалияда қазақ шәкірттері» деп аталатын мақаласында: «Русиядағы мұсылман медреселерінен ең бірінші болған медресе «Фалияда» қазақ оқушыларының жылдан- жылға көбейінше иншалла халқымыздың ғылым нұрыменен нұрланып, рухтың көтерілуіне себеп болар деп шын көнілімізден қуанамыз. Үл шәкірттердің ішінде байларымыздың арқасында оқып жүрген бірлік жарымды шәкірттер де бар. Мысалы, Қапалдағы Мамановтар үш шәкіртті, Семейдегі Яхи қажы бір шәкірт оқытып жатыр. Басқа жерлерден де осындағы аздап оқушыларға жәрдем еткен мырзалар естіледі. Міне, үлдер қазақ халқының бұрынғы қалпынан әжептәуір өзгергенін көрсетеді» [9], - деп жазды.

«Айқап» журналында оку-агарту мен білім беру мәселелеріне байланысты хабарлар жіберіп отырған. 1913 жылғы 6-санында, оқуға түскен қазақ балаларының бітіре алмайтын себептері айттылған. Ақтөбеде ашылған гимназия мен Астрахань қаласында қазақ балалары үшін пансион

ашуға рұхсат берілгені туралы хабарлар берілген. Сонымен қатар, 1913 жылы жарыққа шыққан журналдың 16-санында, Зайсанда ашылған «Мектеб Казахия» – оқу, оқыту жайлары хабарланған. Осы жылы 8-санында шыққан ішкі хабарларда, Омскіде ауыл шаруашылық институтын ашу үшін рұхсат алынғандығы, Петропавловскіде мектеп-медресе салу ісіне көмектесушілер туралы хабарланған. 1914 жылғы журналдың 1-санында, Петербургте болған мұғалімдер съезінде мұсылман мектеп-медреселерінің жағдайы туралы баяндама жасалғаны хабарланған.

Әлкин Ахмет 1911 жылғы шыққан журналдың 12-санында жарияланған «Әдебиет кеші» атты мақаласында, Қостанай қаласында татар жастары үйимдастырған кеш туралы жазады. Автордың 1912 жылғы «Замандастарыма бір-екі сөз» атты мақаласында, казак елінің келешегі үшін оқудың, білімнің маңызына тоқталған. Жастарды оқыту, үлкендердің сауатын ашу жолдарын көрсеткен.

Ахметов Мұхаметсапа 1911 жылдың 10-санында шыққан «Қазақ оқығандарына!» атты мақала-сында, казак арасында газет-журнал шығару өте қын екендігін айта келіп, «Айқап» журналының келешекте шыға беруі үшін қазақ оқығандарының көмегі қажет екендігін, мақалалар жазу керектігін жазған. Мектеп-медреселерді бітірген қазақ оқығандары ел ішінің мәдениеті оркендеуіне, оқу, білім таратуға еңбек сіңірмейтінін сыйнаған.

«Айқапқа» тек қазақтарға емес, өзге ұлт өкілдері де жазып тұрған. Мәселен, қыргыз Ишанғали Арабаевта 1912 жылғы 1 және 2-санында «Орынбордан-Ташкенткеше» атты мақаласында Орынбор-дағы оқу орындары, оқыту жағдайын сөз ете отырып, казак шежіресі, тарихы туралы қытай сопыларының шығармаларында барлығы туралы атап көрсеткен [9, 66 б.].

«Қазақ» газетінің бетінде қазақ жастарының медреседен алған білімдеріне немікүрайлы қарағандар да болды. Ахмет Жанталиннің «Медреседен оқып шыққан шәқірттерде не болашақ» деген мақаласында: «Медреседе не оқу керек екендігін қайдан біледі, оны кім белгілейді? Менің ойымша, медреседегі дәрістер, оқып шыққан шәқірттердің істейтін іс те қарап белгілетуге тиіс. Енді байқап жүрсек, біздің медреселерден шыққан шәқірттеріміз доктор бола алмайды, земелемер бола алмайды. Енді не болады? Жалғыз-ақ мұғалім бола алады, молда болып, бала оқыта алады. Шәқірттер еліне қайтқан соң, ол аймагының баласын жинап алып, сабак оқытып, сол әдетпен ғана тамағын тойдымаса, онан өзге шамасы келмейді. Ол шәқіртке соңан басқа орын да жоқ, одан басқа өзге қызмет қылу оның қолынан да келмейді [10], - деп өз ойын білдіреді. Дегенменде, қазақ жастарының медреседен кейін тәк қана оқытушылық саламен шектеліп қалды деп те айтуда болмас. Бірқатар қазақ оқығандары медреседен білім алғаннан кейін, оқуларын шет мемлекеттерде жалғастырды. Сондықтан сол кездегі мұсылмандық мектептередің орны ерекше болды. Осындай оқу орындары танымал қазақ ағартушыларын қалыптастырып үлгерді. Сонымен қатар, медреселер арқылы қазақ жастарының сауатын ашуна мүмкіндік туды.

Қазақ әлкесіндегі білім беру мезгілі бір жүйелі болмады. Қазақ жастарының жаз айларында да білім алушынан тұра келді. Қалың жұртшылықтың өз балалаларын ақылы оқытуға кейбіреуінің жағдайы мұлдем келмеді. Медреседе оқып жүрген қазақ жастарының біразы, оқу ақысын уақытымен төлей алмағандығынан, окудан шығып қалып жатты. Белгілі қазақ зиялышысы Міржақып Дулатов мұсылманшы оқытуудың үш түрлі негізгі кемшілігін былайша көрсетті:

1. Жеткілікті тәуір мұғалім жоқ;
2. Мезгілінде оқылатын тәртіпті мектептер жоқ;
3. Өз тілімізде оқу кітаптары жоқ [11].

Жоғарыда осы секілді кемшіліктерге «Қазақ» газеті басқармасының да тоқталып өткендігін көлтірдік. Аты аталған кемшіліктер, қазақтар арасындағы оқыту жүйесін қалыпқа келтірудегі негізгі кемшіліктер болатын. Осындай олқылықтарды қазақ оқығандары біріге отырып шешулері тиіс болды. Тек қана қазақ зиялышылары емес, сонымен қатар қалың қазақ жұртшылығы осы мәселеге көніл бөлгендеге ғана нақты шешімге қол жеткізуге мүмкін болатын еді. Жергілікті жерлерде мектептер ашылып, оларда мұғалімдердің саны арттыру да басты қажеттіліктиң біріне айналды. Мектептегі кітаптардың тапшылығы жиі-жиі байқалып тұрды. Бұл іске қазақтың зиялышы қауымы белсene араласты.

Кейінгі уақыттарда да оқу бағдарламасын жасау мәселесі жиі туындал отырды. Бастауыш сыйнаптарға арналған кітаптар басылып шықпады. Егер де кітаптарадың мөлшері жеткіліксіз болатын болса, онда оқу бағдалмасын жасап шығарудың ерте екендігі алға тартылды. Осындай себептер оқу бағдарламасын жасап шығаруды кейінге шегерді. Жатсадың білім алып тәрбиелену мәселесі алдыңғы орынға қойылды. Қоپтеген кемшіліктерді түзеу тек оқу ісі дұрыс жолға қойылғанда ғана іске асатын еді. Осындай кемшіліктерді жою жастардың мойынына артылды. «Қазақ» газеті басқармасы осы жөнінде жиі-жиі үн қатып отырды. Ол уақытта қазақ жастарының

біразы орысша сауатын ашса, біразы молдадан сабак алды. Қазақ зиялыштары қазақ жастарының қазақ тілімен қатар орыс тілін менгеруіне қарсылық танытпады.

«Жаңа жолдың окуы жаңа оқып шыққан жас мұғалімдерідің қолында. Бұлардың көштерінің білімдерінің соны, пікірлері жаңа. Ниеті жүрттына қызмет ету. Бұла білгенін, тайған-тайғанғанын жүрттап аяп қалатын емес. Қазақтың бастауыш мектебіндегі жұмысын қолдарына алуға лайық адамдар. Әр жаңалықтан хабардар, дүниеде не істеліп, не қалыпта тұрганынан бұлардың мәліметі мол. Қысқасы, қазақ арасында білім нұрын жаюға нағыз қолайлы адамдар» [12], – деп жас мұғалімдеге мол сенім артылды.

Қазақ зиялыштары «Қазақ» газеті арқылы қалың бұқараны білім жарыстарына ат салысуға шақырды. Сол кезде білім жарыстары көптеген мемлекеттерде дәстүрлі тұрған болатын. Сондықтан да қазақтар арасында осындағы жарыс түрін ұйымдастыру қажеттігі де туындалады. Білім жарысы жөнінде мынадай пікір айттылды: «Білімді жүрттардың білім жарысына келсек, оның мағынасы да, көздеген мақсаты да басқа. Ол бірнеше болыс ел жиып, бір-екі күн дуылдап, ет жеп, қымыз ішіп кету үшін ғана жасалмайды, бүтін ұлт дүниедегі бүтін жүрт үшін көпке қаларлық іс үшін істеледі. Дүниеде күн көріп, тіршілік етудің ауырын женілдету үшін, женілін рахатқа айналдыру үшін істеледі. Неше тұрлі ғылым, өнер бәрі де тіршіліктің ауырлығын азайту үшін, рахатын молайту үшін шығарылған нәрселер. Ғылым, өнер артылған сайын дүниеде бейнет кемімекші. Осыған ақылы жетіп, ісі өнген жүрттар ғылым мен өнерді бірден бірге асыруға тырысады. Асыру үшін әркім істер істейді. Сол істердің бірі – білім жарысы» [13]. Білім жарысын ұйымдастыру қалың жүртшылықтың қолынан келетін іс болатын. Қазақ зиялыштары осы іске қазақ халқын барынша жұмылдыруға тырысты. Еуропада жиі ұйымдастырылып тұратын білім жарысының қазақ халқына тигізер пайдасы мол болды. Сол кезде Еуропаның көптеген мемлекеттерінде білім, ғылым саласы толық қанды дамып отырған еді. Ал, қазақ өлкесіндегі жағдай мұлдем басқаша жағдайда тұрды. Көптеген қыншылықтарға қарамастан қазақ зиялыштары оку мәселеін бір жүйеге келтіруге тырысып бақты. Қалың жүртшылыққа білім және ғылымның үйреуінімен, ізденумен жайылатындығын да жете түсінді. Ал білім бастар негізі, оқытудың негізгі құралы кітап болатын. Алайда, сапалы талапқа сай қазақ тіліндегі кітаптар белгілі мөлшерде басылып шықпады. Білім жарысын ұйымдастырудың арқасында бұл мәселенің өз шешімін табатындығына да қазақ зиялыштары зор сеніммен қарады.

1913 жылғы «Қазақ» газетінің 2-санында жариялаган газет беттерінде қазақ зиялышы Ахмет Жанталиннің мақаласында медреседе білім алған шәкірттердің тек мұғалім және молда болатындығы және оның өзгеге шамасы келмейдіндігі және медреседе не біліп шығу керек екендігі жазылған [6, 20 б.]

Іә, мектеп – жас ұрпаққа білім мен тәрбие беретін орталық, білім беру жүйесінің негізгі буыны. Осы тұрғыда Ахмет Жанталиннен кейін зерттеушілердің бірі, ағартушы, ақын әрі журналист Оспанұлы Әлмұхамет 1917 жылғы «Қазақ» газетінің 233-санында «Бостандық мектебі» атты мақаласын жазады. Бұл мақалада Тосын болысында 1917 жылдың 11 сәуір күні ақсақалдар кеңесінің болғандығын, сол кеңесте оку-ағарту мәселеі, халыққа мектеп ашып беру, мектептегі оку жүйесі мен мектепке кім басшылық ететіндігі туралы жазады. 1913 жылғы 19-санындағы жарияланған «Емтихан» атты мақаласы қазақ арасындағы оку-ағарту ісі туралы жазады.

Алаш мұратын көздеген, ұлттың азаттығын қолдаған, оку-ағартушылықты насиҳаттаған, халықты білімге шақырған алаштың азаматы – Омарұлы Уәлиханныңда бірнеше мақаласы «Қазақ» газеті беттерінде жарияланған. 1915 жылғы шыққан «Қазақ» газетінде «Мектеп-медресе ашылу» тақырыбындағы мақаласында, Павлодар уезінде мектеп-медресе ашу, оку жұмысы туралы, Орынборда мұғалімдер институты ашылғандығы жайында хабар береді. 1916 жылғы жарық көрген Мұқтаж окушыларға жәрдем» атты мақаласы хабар түрінде жазылған, окушыларға көмек көрсету керектігіне баса назар аударады. Осы жылғы шыққан тағы бір мақаласы «Талапты жастарымыздың есінде болсын», қазақ тілі мен қазақ әдебиетінің мәселелері көтерілген мақала. 1916 жылғы 186-санында «Бұл бізге бір айна» тақырыбындағы мақаласында, оқу-ағарту, қызыбалаларды оқыту, әйел оқытушыларын дайындау мәселеі көтерілген. 1916 жылғы 30-маусымда жарияланған 187-санында «Дар мұғалимат» атты мақаласында, Тройцк қаласындағы оқу-ағарту жұмысы, Файни Яушева ашқан оқу орны, оның оқу программасы туралы түсініктеме берген [6, 102 б.]

«Қазақ» жазуын қабыл ету мәселесі төнірегінде «Қазақ» газетіне А. Байтұрсыновтың «Жазу емлесі» деген мақаласы жарияланып, бұл емленің аса қажеттігіне Торғайдан Файзолла Сатыбалды ишан ұлы, мұғалімдерден Тәшен Қиямбеков, Зәкір Файсин, Мейрам Асхақов, Шахмардан Ибрахимов, Сыдық Абыланов, шәкірттерден Мырза Ахмет Қожақұланов, Мұртаза һәм Рахымжан

Бексейт балалары, Павлодардан Қасым қажы медресесіндегі қазақ шәкірттері һәм Астрахан медресесіндегі қазақ шәкірттері тілектерін білдірген [10, 97 б.].

«Қазақ» газетіне жарияланған оқу-агартуға қатысты мақалалар мектептердің жағдайын жақсарту, бала оқытудағы мұғалімдерге берерлік кеңес, жастарды окуға тарту мәселелерін қамтыды. Сонымен қатар медресе-мектептерді оқып бітірген жастардың одан әрі оқуларын Ресейдің ірі қалаларында жалғастыруына жағдай жасау, ал оқып жатқан жастарға қаржылай көмек қолын созу мәселелері де тыс қалған жоқ. Әсіреле, оқу орындарында өз қаржысымен оқып жатқан жастарға көмек қолын созу немесе қол үшін беріп қаржылай көмек көрсеткендер жөнінде газетке жиі басылып отырды десе де болады.

«Қазақ» газетінде Омбы қаласында оқытындардың тізімі берілді. Мәселен, мұғалімдер семинариясында – 8, гимназияда – 5, ауылшаруашылығы училищесінде – 8, медициналы-фельдшерлік мектепте – 4, ветеринарлы-фельдшерлік мектепте – 8, коммерциялық мектепте – 5, қалалық училищеде – 8, жалпы сол қалада оқытын қазақ жастарының саны 46 болған. Негізінде бұл

мәліметтерді газетке Сәдуақас Сейфуллин берген. Ол келер жылы қазактарға арналған 5 стипендиясы бос орынның барлығын, семинарияны – 3, медициналы-фельдшерлік мектепті – 1, ветеринарлы-фельдшерлік мектепті - 1 окушы бітіретіндігін айтқан [11, 67 б.]. Сонымен қатар осы номірде Том қаласындағы университетте Асылбек Сейітов, ал Уфадағы «Галия» медресесінде

Бекмұхамед Хұсейінов, Қайролла Ибраһимов, Садық Токубаев, Нығмет Манаев, Шаһмардан Ғұмаров, Орынбордағы «Хұсейния» медресесінде Елемес Шәрменовтің оқытындығы туралы мәліметтер де келітірілді. Бұл студент-шәкірттерге елдің игі жақсылары ақшалай көмек көрсеткен.

Орынбордағы «Хұсейния» медресесінде Шымкент уезінің қазағы Елемес Шәрменов өзінің осы мәресеге төлейтін ақшасы болмай, қысылып тұрған кезде марқұм Сейітбаттал Мамановтың «Қазақ» газетіне жіберген көмек ақшасына алып, оқу ақысын төлегендігін, марқұмның рухына құран бағыштағандығын айтып хат жолдаған [10, 103 б.]. Газеттің келесі санында С. Мамановтың қаржылай көмегінен ақша алған Бекмұхаммед Хұсейінов, Шаһмардан Ғұмаров, Қайролла Ибраһимов, Садық Токубаев, Нығмет Манаевтардың да тәнір жарылқасын айтқан мақалалары басылды [11, 97 б.].

Медресе «Хұсейнияда» оқытын шәкірттердің жас мөлшері бүрін ылғи үлken жігіттер болса, енді 11-12 жастағы балалардың қатары көбейіп келе жатқанына қуаныш білдіре жазған X. Болғанбаевтың хатында мектеп-медреселерге балаларды оқыту кейінгіге үлken пайдалы екендігін дәлелдемекке тырысқан [12, 34 б.].

Медреселерде арабша, татарша аралас тілде оқытылуы қазақ жастарына үлken қындық туғызды. Мұсылман медреселерінің оқуында араб, парсы тілдерінің де араласып кетуі, көбіне окулықтарында да осындағы түсініксіз, ауыр сөздерге жол берілуі қазақ шәкірттерінің алға жылжуына үлken тосқауыл болды. «Қазақ» газетінің 2-санында жарияланған «Оренбург, 10 февраль» деген мақалада: «Мұсыл-ман медреселерінде оқығандардың естігені әдеби тілмен жазған кітап, жазғанда да сол кітаптардың тіліне салып еліктеу. Ол әдеби тіл деген қандай тіл? Араб, парсы сөздері көп кіріскең тіл. Негұрлым араби, парсы сөздері көп қосылса, негұрлым қара халық түсінуге ауыр, хатта тіпті түсінбейтін болса, соғұрлым әдебилірек болады деп тұтынған жолдан шыққан тіл. Бұл тіл халықтан тұмаған, жаны жоқ тіл. Мұсылманша оқығандарымыз әдеби тілмен сөйлейміз, әдеби тілмен жазамыз [13]. Қазақша жазсақ әдеби болмайды деп қазақ тілімен жазуға үлады, қорынады. Орысша оқығандарымыз қазақ тілімен пікірімізді толық айта алмаймыз, жетпейді, орысша жазғанымыз оңай дейді. Қысқасы, орысша, мұсылманша оқығандарымыз қазақ тілімен жазуға қорынып, біреуі орысша жазады, біреуі әдеби тілмен жазады. Бұлардың өз тілінен қорынып, жерінетін себебі не? Менің ойлауымша бұл әдеттенуден біреуі орысша оқып, бірі әдеби тілмен оқып қазақша жазу әдетінде болмағандық. Әдетте жоқ нәрсе қалыптан тыскары болып, басында ерсі көрінеді. Қазақ тілімен жазу әдетінде болмаған соң орысша һәм мұсылманша оқығандарымыз қорынады. Бір-біріне жазған хаттарында қазақша жазбайды. Бұлай істеулері үнамды емес», – дей отырып, «бала сегіз-тоғыз жасынан оқуға түсіп, басқа тілде оқыса, оқытын кітабы да басқа тілде болса, жазғанда да сол кітаптардан үлгі алғып жазса, олар қайдан қазақша жазуға әдеттенер» деген қорқыныштың барлығын да жасырмайды. Қазақ жастарын ана тілінде оқытпай, қарттарымыз оларға демеу көрсетпесе, онда қазақ тілінің тағдыры қандай боларлығына күмәнданады [14, 71 б.].

Сейітін газет ұлт тілін сақтаудың жолдарын қарастыруды, ол үшін жастарға тілді бағалауды, құрметтеуді түсіндіру қажеттігін, бұл істе «Қазақ» газетінің игілікті істер атқарып отыргандығын, олардың қазақтығымызды сақтауға шақырып, насиҳат жұмыстарын жүргізіп отыргандығын нақтылап береді

«Сарыарқа» газеті Мұхтар Әуезовтың 1917- жылғы газеттің 17-санында шыққан «Қайсысысын қолданамыз?» атты мақаласында, мектептерде бір программамен оқыту мәселесін көтерген. Қазақ елінің мәдениеті, әдебиеті, ғылымы өсу үшін тілдің орнына тоқталған. Әуезовтың 1917-жылдың 11-санында шыққан «Окудағы құрбыларына!» атты мақаласында, үлкен нәсенің кішігірім нәрседен құралатындығы, сондықтан бірлік болу керектігін жазған. Сонымен қатар, ұлт тізгінің ұстап тұрған оқығандарымыз-дың дамымауының екі шартын атап көрсеткен: 1-шарт: бірліктің болмауы десе, 2-шарт: сол оқыған адамдардың істері маңызды, орнықты, табанды болу үшін әрбір оқығанның ақтығы, екпіні, білімі болу керектігін атап көрсеткен.

Досмұхамедов Жинанше 1917-жылғы 17-санында «Арыз хат» атты мақаласында, Петроградтағы «Шураи ислам» комитетінің жұмыстары туралы хат туралы жазған. Алаш қозғалысының қайраткері, ағартушы- Малдыбаев Мұстақымның «Мекте» атты 1917-жылғы 13-санында жарияланған мақаласында, қазақ арасындағы оқу-ағарту мектеп-медресе мәселесіне арналған [10, 103 б.].

«Керекудегі мұғалімдік курсы туралы» атты Сүйіндік баласы жазған 1917 жылғы газеттің 15-санында жарыққа шыққан мақалада, Павлодардағы екі айлық мұғалімдер курсының оқу оқыту жұмысы сыналған. Оқу білмейтін адамды одан ары санасыз қылатындығы жайлышты жазылған мақала [15, 52 б.].

1918 жылғы газеттің 28-29 сандарында «Мұғалімдік қурстар туралы» атты Жас қазақ мақаласында, оқу-ағарту, ғылым, мәдениет, әдебиет туралы түсініктер берілген. Мақалада халық арасынан шыққан ел басқару жұмысымен айналысқан азаматтарды оқыту, мұғалімдік қурстар ашу мәселесі туралы жазылған [16, 103 б.].

«Алаш» газеті XX ғасыр басындағы қазақ зиялыштарының бірегей тұлғасы, ағартушы – Көлбай Төгісовтың мақалалары жарияланды [8, 20 б.]. 1917 жылғы 13-санында Көлбай Тогусовтың «Оян!» атты мақаласында, Ташкент қаласында ашылған университет туралы мәлімет берген. Өнер-білімге, мәдениетке тек оқу арқылы жетуге болатынын айтқан [8, 167 б.]. Ал, 1916 жылғы 4-санында, Туркістан аймағына қарайтын елдер үшін университет ашу мәселесі сез болады. Оқу-ағартудың пайдасы айтылған.

1917 жылғы 20-санында жарияланған «Құлақтандыруда» Ташкент қаласында ашылған орыс-қазақ оқу үйі туралы айттылған. С. Зайсанның 1917 жылғы 9-санында жарыққа шыққан мақаласында, Қытаймен шекарада тұратын елдердің шаруашылығы, оқу-ағарту ісі, әйелдерді оқыту мәселесі көтерілген мақала.

1917 жылғы шыққан газеттің 15-санында, Қазақ арасындағы оқу-ағарту ісінің жайы; Павлодарда гимназия ашылуы; Екібастұзда ашылған орыс-қазақ мектептері туралы жазылған [17, 93 б.].

Корыта айтқанда, XX ғасырда қоғамдық тарихи аренада өз бағыт-бағдарларымен, өзіндік айттар ойларымен шыққан ұлттық мерзімді баспасөздер өз кезегінде әрқайсыда үлкен маңызды қызыметтер атқарды. Ғасыр басында олар қазақ жастарын оқу-білім үйренуге шақырса, азаматтық қарсылық жылдарында халықтың мұддесі жолындағы құреске шақыра отырып, ұлт тенденсі жолындағы жеңісті көздел, сол бір аумалы-төкпелі заманда қалың бұқараны соңынан ерте білді. XX ғасыр басындағы қазақ жастары баспасөзінің дамуына қызмет еткен ұлт зиялыштарының көздеңген мақсаты мынада: ең алдымен, олар қазақ қоғамын дамытудың бастауы – ұлттық мұдде мен өркениет құндылықтарын біртұтастықта қарастыру керек деп таныды, екіншіден, қазақ жастарын бостандық жолындағы құреске дайындау; үшіншіден, рухани серпіліске жету жолында ұлттық білім беру жүйесін дамытудың төменгі сатысы – ауыл мектептерін көтеп ашу арқылы жастардың білімге деген құштарлығын ояту; бұл мақсатты орында барысында қазақ балаларына арналған оқулықтар дайындау мен жастардың ұлттық баспасөзін қалыптастыру болды деген тұжырымға келеміз.

Ал бүгінгі XXI ғасырда баспасөздің қоғамдық-саяси өмірдегі белсенділігі күн санап арта түсүде. Әйткені, баспасөздің қоғамда алатын рөлі оның санымен емес, ұлттық мұддеге негізделген қызыметімен өлшенетіндігі ақиқат [18, 78 б.]. Баспасөз – сан ғасыр бойы отаршылдық езгіде келген халқымызды ұлттық мұддесіне сай аумалы-төкпелі заманда жанында болып, жаңа құрылышты насиҳаттады, салаутты өмірге жөн сілтеді, сол жолда бағдар-бағыт беретін бірден-бір ақпараттық құрал көзі болып отыр.

Зерттеу нәтижелері. Зерттеу тақырыбымызға өзек болып отырған XX ғасырдың басындағы қазақ баспасөзінің тарихы мен ондағы білім мен оқу-ағартуға байланысты көтерілген мәселелер мазмұнын толық ашу мақсатымен қазақ баспасөзі туралы жазылған еңбектерге жалпылама шолу жасау барысында, ұлттық баспасөз және оның беттерінде көтерілген білім беруге байланысты

әртүрлі саланы қамтыған мақалалар өз алдына жеке қарастыруды қажет етегіндігіне, осы уақытқа дейін арнайы зерттелмегендігіне көз жеткіздік.

Қорытынды. XX ғасырдың басындағы оқу-ағарту саласына ұлттық зиялы қауым өкілдері үлкен үлес косты, олардың алдына қойылған басты міндет – қазақ халқын ұлт деңгейіне көтеру және ағартушылықты дамыту еді. XX ғасырдың басында қазақ даласына тараған газет-журналдар әр қазақтың ұлттық тұжырымдарды табанды түрде көтеріп отырды. Ұлт зиялыштары ұлттық мерзімді баспасөз беттерінде ағартушылық саласында мектептер, мұғалімдер, оқу-ағарту мәселелері, оқу-әдістемелік құралдар туралы зерттеулер жүргізді, ғылыми-танымдық шығармалар жазды. «Қазақ», «Сарыарқа», «Алаш» сиякты мерзімді басылымдар елеулі рөл атқарды. Жалпы, қазақ баспасөзін әртүрлі бағыттардағы тарихи дерек көзі ретінде қарастыру керек.

XX ғасырдың басындағы ұлт зиялы қауымның еңбегі орасан болғанымен, ұзакқа бармады, олардың барлығы репрессияға ұшырады. Дегенмен қазақ зиялыштарының аз уақыт ішінде білім мен ғылым жолындағы еңбектері баршаға үлгі!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Смагулова С.О. Қазақ мерзімді баспасөзі : шығу тарихы мен деректік маңызы (XX ғ. 20-30 жж.) . Алматы: «Елтаным» баспасы , 2011. – 432 б.
2. Қайрат С. Алаш көсемсөзі: тіл мәселесі. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2014.– 400б.
3. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3-том.–Алматы: «Атамұра»,2002. –768 б.
- 4.Бисенгалиев З. XX ғасырдың басындағы қазақ прозасы. – Алматы, Мектеп.–1989. –136 б.
- 5.Нұсқабайұлы Ж.Қазақ журналистикасының тарихы (1870-2008 жылар)./ Ж.Нұсқабайұлы, Қ.Аллаберген, Ф.Оразаев. – Алматы: «Білім» баспасы,2018 ж. –400 б.
6. «Қазақ» газеті. 1913 жыл/ Құраст. С.О. Смагулова, F.Қ. Әнес, Т.А. Замзаева.– Алматы: – «Арыс» баспасы, – 2009.– 480 б.
7. Омарбеков Т. Қазақстан тарихының өзекті мәселелері. Қөмекші оқу құралы. – Алматы: – «Өнер», 2003. –552 б.
- 8.Субханбердина У. «Қазақ», «Алаш», «Сарыарқа». – Алматы: Ғылым, 1993 ж. – 200 б.
9. Субханбердина У. «Айқап» беттеріндегі мақалалар мен хат-хабарлар. – Алматы: Қазақ мемлекет баспасы, 1961 ж. –153 б.
10. Алаш қозғалысының 100 жылдығы және «Сарыарқа» газетінің 100 жылдығына арналған «Алаш көсемсөзі – Рухани жаңғыру парадигмасы» атты халықаралық ғылыми-практикалық
- 11.Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 320 – б.;
12. Кенжебаев Б. Қазақ баспасөзінің тарихынан: Тарихи очерк. – Алматы: Қазмембаспасы, 1950. – 370 б.
- 13 Досбаев Ә., Корқытов Б. Қазақ баспасөзінің тарихын зерттеудегі өрсекел қателіктер // Социалистік Қазақстан. – 1951. – 17 қараша.
14. Бекхожин Қ. Қазақ баспасөзі тарихының очеркі (1860-1958). –Алматы, 1981. – 239 б.
15. Ахметова Л.С. Жогары білім мен ғылым саласындағы мемлекеттік саясат және оның Қазақстанда жүзеге асуы: тарихи талдау (1985-2005жж) – А., 440
16. Атабаев Қ. Мерзімді басылым XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басындағы Қазақстан тарихының дерегі ретінде. – Алматы: «Қазақ 129 университеті», 1998. – 192 б.;
17. Нұргалиева Л. 1917–1937 жылдарда Қазақстан тарихының өзекті мәселелері баспасөзде: тарихнамалық зерттеу: т.ә.к..... дисс. – Алматы, 1998. –143 б.
18. Сақов Қ.Ф. «Қазақ» газетіндегі ұлттық-саяси мәселелердің жазылуы: ф.ә.к..... дисс. авторефераты. –Алматы, 1998. – 260 б.

References:

- 1.Smagulova S.O. Qazaq merzimdi baspasozzi : shygы tarihy men derektik manyzy (XX g. 20-30 jj.) . Almaty: "Eltanym" baspasy , 2011. – 432 b.
- 2.Qairat S. Alash kosemsozi: til maselesi. –Almaty: "Qazaq ensilopediassy", 2014.–400b.
3. Qazaqstan tar ihy (kone zamannan býginge deïin). Bes tomdyq. 3-tom. –Almaty: "Atamura",2002. –768 b.
- 4.Bisengaliev Z. XX gasyrdyn basyndagy qazaq prozasy.–Almaty, Mektep.–1989. –136 b.
- 5.Nusqabaiuly J.Qazaq jurnalistikasynyn tarihy (1870-2008 jylar)./ J.Nusqabaiuly,Q.Allabergen, F. Orazaev.–Almaty: "Bilim" baspasy,2018 j. –400 b.
6. "Qazaq" gazeti. 1913 jyl/ Qurast. S.O. Smagulova,G.Q.Anes, T.A. Zamzaeva.–Almaty: "Arys" baspasy, 2009.–480 b.

7. Omarbekov T. *Qazaqstan tarihynyn ozekti maseleleri*. Komekshi oqy quraly. Almaty: "Oner", 2003. –552 b.
8. Sybhanberdina Y. "Qazaq", "Alash", "Saryarqa". Almaty: Gylym, 1993 j.–200 b.
9. Sybhanberdina Y. "Aiqap" betterindegi maqalalar men hat-habarlar. Almaty: Qazaq memlekет baspasy, 1961 j.–153 b.
10. Alash qozgalysynyn 100 jyldygы Jane "Saryarqa" gazetinin 100 jyldygyna arnalgan "Alash kosemsozi – Ryhani jangyry paradigmasy" atty halyqaralyq gylymi-praktikalyq konferensiasynyn jinagy, Almaty q., 24 qarasha 2017 /jayaptы red. A. B. Aqynbekova. – Almaty: Qazaq yniversiteti, 2017 – 206 b.
11. Baitursynov A. *Shygarmalary*. – Almaty: Jazushy, 1989. – 320 – b.;
12. Kenjebaev B. *Qazaq baspasozinin tarihynan: Tarihi ocherk*. – Almaty: Qazmembaspasy, 1950. – 37 b.
- 13 Dosbaev A., Qorqytov B. *Qazaq baspasozinin tarihyn zertteudegi oreskel qatelikter* // *Sosialisik Qazaqstan*. – 1951. – 17 qarasha.
14. Bekhojin Q. *Qazaq baspasozini tarihynyn ocherki (1860-1958)*. – Almaty, 1981. – 239 b.
15. Ahmetova L.S. *Jogary bilim men gylym salasyndagy memlekettik saiasat jAne onyn Qazaqstanda júzege asuy: tarihi taldau (1985-2005jj)* – A., 44
16. Atabaev Q. *Merzimdi basylym XX gasyrdyn aiagy XX gasyrdyn basyndagy Qazaqstan tarihynyn deregi retinde*. – Almaty: "Qazaq 129 universiteti", 1998. – 192 b.;
17. Nurgalieva L. *1917-1937 jyldarda Qazaqstan tarihynyn ozekti mAseleleri baspasozde: tarihnamalyq zertteu: t.g.k.....diss.* – Almaty, 1998. –143 b. 18. Saqov Q.O. "Qazaq" gazetindegi ulttyq-saiasi mAselelerdin jazyluy: f.g.k..... diss. avtoreferaty. – Almaty, 1998. – 260 b.